

Диссертациялық кеңес
туралы үлгі ережеге
5-қосымша

Ресми рецензент, филология ғылымдарының докторы, доцент Жолшаева Майра Сатыбалдықызының «8D02304 – Филология» білім беру бағдарламасы бойынша философия (PhD) докторы дәрежесін алу үшін Сыдық Перизат Сәндібайқызының «Тілдік рефлексия: дискурстық талдау (қазақ және ағылшын тіліндегі көркем мәтіндер негізінде)» атты тақырыпта жазған диссертациялық жұмысына
ЖАЗБАША ПІКІРІ

р/н №	Өлшемшарттар	Өлшемшарттарға сәйкестігі (жауап нұсқаларының бірін сызу)	Ресми рецензенттің ұстанымына негіздеме (ескертуді курсивпен көрсету)
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымды дамытудың басым бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:	«Тілдік рефлексия: дискурстық талдау (қазақ және ағылшын тіліндегі көркем мәтіндер негізінде)» деген тақырыпқа жазылған диссертация Қазақстан Республикасының төмендегідей мемлекеттік бағдарламасына сәйкес орындалған: - Қазақстан Республикасының 2020-2025 жылдарға арналған тіл саясатын іске асыру бойынша мемлекеттік бағдарламасы; - Қазақстан Республикасында тіл саясатын дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы.
		1) диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірін	Диссертациялық жұмыс көрсетілген бағдарламаларға сәйкес арнайы орындалмаған.

		<p>көрсету); 2) диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауын көрсету);</p>	
		<p><u>3) диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету) келеді.</u></p>	<p>Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағыттарына сәйкес келеді: 5. «Мәңгілік ел» ғылыми негіздері (XXI ғасырда білім беру, гуманитарлық ғылымдар саласындағы іргелі және қолданбалы зерттеулер. 27. 04.2016 ж).</p>
2.	Ғылым үшін маңыздылығы	<p>Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның <u>маңыздылығы ашылған/ашылмаған.</u></p>	<p>«Тілдік рефлексия: дискурстық талдау (қазақ және ағылшын тіліндегі көркем мәтіндер негізінде)» тақырыбына жазылған зерттеу ғылымның дамуына үлесін қосады. Ең алдымен, диссертацияда тілдік тұлға әрі сөйлеуші ретінде, әрі өзінің сөйлеу әрекетін бағалаушы субъект ретінде зерттеу нысанына алынған. Аталған нысанға, тілдік тұлғаның өзінің ой-идеясына талдауы түрінде көрініс табатын тілдік рефлексиясына ғылыми тұрғыдан зерттеу жүргізу нәтижесінде тілдік тұлғаның дамуына қатысты ақпараттарға қол жеткізе аламыз. Екіншіден, тұлғаның тілдік рефлексиясына жасалған зерттеу арқылы оның тілдік санасындағы танымдық және психологиялық өзгерістердің бағыт-бағдарын бағамдауға жол ашылады, мүмкіндік туады. Үшіншіден, тілдік</p>

			<p>рефлексияға жүргізілген талдаулар, бұл тұста көркем мәтіндерге жасалған салғастырмалы дискурстық талдаулар, мәтіннің және коммуникацияда ақпарат алмасудың сауатты қабылдануына, жеткізілуіне, аялық білім, сондай-ақ, мәдениетаралық коммуникация барысында ескерілетін маңызды мәселелерді анықтауға мүмкіндік береді.</p> <p>Жинақтап айтқанда, диссертациялық жұмыс мәтінді дұрыс түсіну мен түсіндіру, коммуникацияны сауатты құру, тілдік сананы тану мен дамыту, сөйлеу күзiреттiлiктерiн қалыптастыру мен дамыту сияқты мәселелерді шешуге елеулі үлесін қосады, маңыздылығы жұмыста ашып көрсетілген.</p>
3.	Өзі жазу принципі	<p>Өзі жазу деңгейі:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) жоғары; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған. 	<p>Зерттеу жұмысында академиялық жазылымға қойылатын талаптар сақталған. Диссертация авторының тақырыпты түсініп, мазмұнды ашатын теорияларға талдау жасауда және оны практикалық тұрғыдан негіздеуде ой мен ой желісінің логикалық сабақтастығын сақтауы, стилистикалық және орфографиялық жақтан сауатты жазуы, екі ұшты ой тудыратын құрылымдарды қолданбауы – автордың, Сыдық Перизат Сәндібайқызының жұмысты өзі жазғандығын көрсетеді және оның жазылу деңгейі жоғары деп санауға негіз бола алады.</p>
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің	Диссертациялық жұмыста тіл білімі саласындағы

негіздемесі:

- 1) негізделген;
- 2) ішінара негізделген;
- 3) негізделмеген.

тіл - сана, тіл - ой, тілдік сана мен оның вербалді көріну үдерісіне қатысты мәселелерді антропоцентристік парадигма шарттарына сай теориялық тұрғыдан және дискурстық талдауға құрылған практикалық қырының салғастырмалы аспекті зерттелуі жұмыстың өзектілігін көрсетеді. Оның негізделуі тілдік тұлғаның өзін-өзі тануына, айналасындағы өзіне әсер еткен жайттарға рефлекс тудырып, оны санада қорыта отырып, тілдік таңбалар арқылы сыртқа шығаруы, тұтастай алғанда, тілдік рефлексия феноменін кешенді түрде қарастырылуында деп санаймыз. Сонымен қатар, теориялық мәселені негіздеу үшін талдауға алынған тілдік материалдар, атап айтқанда, Абай Құнанбайұлының «Қара сөздерінің» дискурстық талдауға түсіп, тілдік рефлексия ретінде қарастырылуы және оның салғастырмалы аспектіден зерттелуі тақырыптың өзектілігіне тағы дәлел бола алады. Таратып айтқанда, Абайдың «Қара сөздері» лингвистикада құрылымдық, стилистикалық, ал философияда дүниетанымдық жағынан зерттелсе, осы зерттеулердің қатары ұлы ақын шығармаларының тілдік рефлексия немесе рефлексиялық лингвистика ұстанымдары тұрғысынан талдауға түсудің нәтижесінде анықталған тың тұжырымдармен толыға түседі.

4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды:

- 1) айқындайды;
- 2) ішінара айқындайды;
- 3) айқындамайды.

Диссертация тақырыбы «Тілдік рефлексия: дискурстық талдау (қазақ және ағылшын тіліндегі көркем мәтіндер негізінде)» деп аталады және бұл тақырып мазмұнын ашу үшін зерттеуші, бірінші кезекте, «рефлексия» ұғымы мен оның зерттелу аспектілеріне тоқталады. Сол арқылы тақырыпты айқындауға қажет рефлексиямен сабақтас, содан туындайтын тілдік рефлексия, сана мен рефлексия, рефлексияның тілдік көрінісі, соңғы мәселенің дискурстық, яғни динамикалық тұрғыдан сипатын ашуға тоқталса; екінші тарау алдыңғы мәселенің заңды жалғасы ретінде тілдік, метатілдік рефлексияны талдаудың модельдеріне арналған. Бұл, тілдік рефлексияны талдау сызбалары мен үлгілері, зерттеу жұмысында нысанға алынған көркем мәтіндерді дискурстық талдауды іске асыру үшін қажет. Ал осы талдаулар эксперимент материалдары арқылы дәйектеліп отырады. Соңғысы зерттеу жұмысының 3-тарауына өзек болған. Жинақтап айтқанда, тақырыпты ашу үшін мазмұнды құрастыру «жалпыдан жалқыға қарай» ұстанымына негізделген. Нәтижесінде жалпы теориядан (рефлексияның тіл мен сана қатынасы, тіл мен ойлау үдерісіндегі көрінісі), жеке теорияға (тілдік рефлексия, метатілдік рефлексия және оны талдау үлгілері) ауысуы, ол теорияларды практикалық тұрғыдан

			<p>А.Құнанбайұлы, О.Уайльд шығармалары негізінде талдауға түсуі 4.2 пункттің 1–тармағын таңдауымызға себеп болды.</p>
		<p>4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: <u>1) сәйкес келеді;</u> 2) ішінара сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді.</p>	<p>Жұмыста алға қойылған мақсат – рефлексияның қазақ және ағылшын тілдеріндегі көркем мәтіндер негізінде вербалдану тәсілдерін салғастырмалы аспектіден анықтау, сипаттау. Осы мақсатқа жету үшін нақты төрт міндетті шешу көзделген. Олар:</p> <ul style="list-style-type: none"> - рефлексия мен тілдік рефлексияға қатысты теориялық тұжырымдарды талдау. Бұл міндетті жүзеге асыру арқылы диссертант тақырыпқа қатысты өзекті мәселені өзіне дейінгі зерттеулерге сүйене отырып анықтайды. Және бұл рефлексияға қатысты зерттеулердің бағыттарын айқындау нәтижесінде іске асырылады; - тілдік рефлексияның вербалдануын, оған тән белгілерді анықтау – жұмыста алға қойылған екінші міндет. Бұл міндеттің шешілуі диссертацияда нысанға алынған тілдік материалдарды талдауға негіз болады; - рефлексияны дискурстық талдау негізінде басшылыққа алынатын метатілдік талдаулар сызбасын/үлгілерін айқындау – үшінші міндет. Бұл қазақ және ағылшын тілдеріндегі көркем мәтіндер, метамәтіндерге рефлексия тұрғысынан талдау жасау үшін қажет;

			<p>- соңғы міндет – эксперимент материалдарына талдау жүргізу арқылы тілдік тұлғалардың санасындағы рефлексивтердің таңбалануын анықтау. Бұл міндет сауалнамалар жүргізу арқылы айқындалып, соның негізінде практикалық ұсыныстар беруге бағытталған.</p> <p>Жинақтай айтқанда, зерттеу мақсатына жеткізетін міндеттердің бір-бірінен туындауы, бірін екіншісі толықтыру мақсат пен міндеттердің өзара сабақтастыққа құрылғанын көрсетеді.</p>
		<p>4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері логикалық байланысқан:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) <u>толық байланысқан;</u> 2) ішінара байланысқан; 3) байланыс жоқ. 	<p>Зерттеу жұмысы үш тараудан тұрады, олар бір бірімен логикалық тұрғыдан толық байланысты болып келеді. Диссертацияның 14-48 беттер аралығын қамтитын 1-тарауы рефлексияның анықталуы мен зерттелуінен бастап, рефлексияның бір түрі тілдік рефлексияның дискурспен, мәтінмен арақатынасын анықтау, сипаттау, талдауға құрылған. Бұл – теориялық жағы болса, оның практикалық қыры келесі тарауда қарастырылған. Яғни 50-101 беттер аралығында нақты диссертация нысаны болып табылатын тілдік рефлексия зерттеудің сызбалары мен модельдері тілдік материалдарға (Абайдың қара сөздерін, О.Уайльдтің «Дориан Грейдің портреті» және У.Сомерсет Моэмнің «Ай мен ақша» мәтіндерін) талдау жасау негізінде іске асырылған. Ал осы мәтіндердің</p>

			<p>оқырман санасында сәулеленіп, тілдік рефлексия тудыруы сауалнама арқылы екі түрлі, ана тіліндегі мәтін, шетел тілінде жазылған мәтіндерге рефлексиясы экспериментке негізделіп анықталған, қорытынды ұсыныстар берілген. Осының негізінде диссертацияны бір-бірінен туындайтын өзара толық байланысқа құрылған зерттеу жұмысы деп бағалауға болады.</p>
		<p>4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған: <u>1) сыни талдау бар;</u> 2) талдау ішінара жүргізілген; 3) талдау өз пікіріне емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген; 4) талдау жоқ.</p>	<p>Жұмыс авторы Сыдық Перизат Сәндібайқызы ұсынған шешімдер тақырыпқа қатысты бірнеше ғылыми-теориялық тұжырымдарды талдай отырып, оларды салыстырып, өзіндік сыни талдауы негізінде өзіндік ой қорыту жасаған. Мәселен, зерттеу тақырыбының негізгі тірек сөздері мен ұғымдары болып табылатын «рефлексия», «тілдік рефлексия», «метатіл», «рефлексив» терминдеріне қатысты пікірлерге талдау жасай келіп, диссертацияда қай түсінікте қолданылатындығы және неге оны таңдауына қатысты пікірін ашық білдіруі (14-16 бб.), рефлексияның философия, психология, лингвистика, педагогика салаларында қолданысына қатысты кестеде соңғысын автор өз тарапынан айқындап қосқан (диссер. 17-бетінде); «сана» ұғымының анықталуына қатысты ойларды келтіре отырып, талдау еңбектеріндегі түйіндермен келісе қоймайтындығын және оның себебінің ашып</p>

			<p>көрсетілуі (дисс. 19-бетінде); тілдік сана мен тілдік рефлексия арақатынасы туралы тұжырымдары (36-бетте) немесе «мәтін» мен «дискурс» ұғымдарының арақатынасы туралы еңбектерге талдауы мен соның негізінде жасалған өзіндік тұжырымы (диссер. 39-бетінде). Сонымен қатар, көркем мәтіндерге рефлексиялық талдау үлгілеріне қатысты зерттеу жұмыстарына талдау жасап, қай ғалымның жіктемесін негізге алатыны (мысалы, Л.В.Тараканова, дисс. 65-бетінде) жайында өзіндік дәлелдемелер келтіріп отырады.</p>
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	<p>5.1 Ғылыми нәтижелер мен ережелер жаңа ма? <u>1) толығымен жаңа;</u> 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).</p>	<p>Зерттеу жұмысында қол жеткізілген ғылыми нәтижелер жаңа болып табылады. Мұндай қорытынды жасауға негіз болған факторлар мыналар:</p> <ul style="list-style-type: none"> - көркем мәтінде көрінетін тілдік рефлексияның қазақ және ағылшын тілдерімен салғастырыла зерттеуге нысан болуы және соның нәтижесінде қол жеткізілген тың тұжырымдар (бұл туралы 5.2 пунктте айтылады); - тілдік рефлексия тұрғысынан көркем мәтіндерді (Абай және О.Уайльд шығармалары) алғаш рет Г.Гиббстің «циклдік моделі» бойынша талдауы және қорытынды түйіннің жасалуы және рефлексив түрлерінің анықталуы (диссерт. 70 –бет; 83 – бет; 84-бет);

			<p>- көркем мәтіндерге қатысты тілдік рефлексияның автор, оқырман позициясынан анықталуы және соңғысының эксперименттік сауалнама жүргізу арқылы іске асырылу, соның негізінде өткен ғасырда жазылған шығармалардың цифрлық технологиялар ғасырында өмір сүріп жатқан тілдік тұлғалардың түсіндірмелерін талдау негізінде өзіндік қорытындылардың жасалуы. Алынған нәтижелерге талдау жасау келесі (5.2 пунктте) сараптама бөлігінде толық баяндалды.</p>
		<p>5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа ма? 1) толығымен жаңа; <u>2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);</u> 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).</p>	<p>Зерттеу барысында жасалған тұжырымдар немесе қорытындылар саны – алтау, оларға қатысты сараптама. Бірінші қорытынды жаңа болып табылады, дегенмен ішінара белгілі зерттеу нәтижелері де кездесіп қалады. Мәселен, тілдік рефлексияның тілдік санада орын алатын үдеріс екендігі және адресаттың автордың санасындағы танымды (білімді, ақпаратты) өз санасында қайта түзетіндігі туралы тұжырымы. Ал жаңашылдығы – санадағы рефлексияны дискурста дискурстық бірліктің тасымалдауы және осымен байланысты тілдік тұлғаның таным әлемі, көркемдік әлемі, жеке тіл әлемінің тұтасып, тілдік рефлексияның рефлексивтерде, метамәтінде көрініс табуы. Екінші қорытынды тұжырымы – жаңа. Бұл тілдік рефлексияның тілдік тұлғаның дамуының</p>

көрсеткіші болып табылатындығы, басқаша айтқанда, тілдік тұлғаның тілдік рефлексияға қабілетті болуы тілдік тұлға дамуының бір факторы ретінде анықталуы.

Үшінші қорытындысы – жаңа, бұл – көркем дискурс пен мәтіннің рефлексивті лингвистикада көрініс табуының сипаттамасының анықталуы мен санамалап берілуі.

Төртінші түйін – жаңа. Бұл қорытынды тұжырым нақты тілдік материалды (Абай мен О.Уайльд шығармалары бойынша) талдау негізінде рефлексия түрлерінің ортақ және алшақ тұстарының анықталуы мен олардың вербалдану көрінісіне жасалған талдауымен байланысты.

Бесінші қорытынды – қазақ және ағылшын көркем мәтіндеріндегі рефлексивтердің негізгі айырмашылықтарының анықталуы және оның себептерінің көрсетілуі (дисс. 11-бетінде); әр тілдегі рефлексивтерге тән ерекшеліктердің айқындалуы.

Соңғы қорытынды тұжырымы – жаңа. Бұл тұжырым сауалнама нәтижелері негізінде жасалған. Ол - тілдік тұлғаның ана тілінде қалыптасқан тілдік тәжірибесі өзге тілдегі мәтіндерді рефлексиялауға негіз болатыны және санада қабылданған мазмұнды рефлексиялауда түрлі тілдік кодтың жарыса қолданылуы мен қарсылықтың да болатындығы.

		<p>5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?</p> <p>1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).</p>	<p>Иә, жаңа және негізделген деп санауға болады.</p>
<p>6.</p>	<p>Негізгі қорытындылардың негізділігі</p>	<p>Барлық негізгі қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде <u>негізделген/</u> негізделмеген (qualitative research (куоолитатив ресеч) және өнер және гуманитарлық ғылымдар бойынша даярлық бағыттары үшін).</p>	<p>Қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген. Таратып айтқанда, зерттеу мақсаты ретінде алға қойылған мәселе тілдік рефлексияны дискурстық талдау бойынша анықтауда талдауға түскен нысан, яғни қазақ және ағылшын тілдеріндегі көркем мәтіндер бойынша рефлексияның циклдік моделін көрсетуде Г.Гиббстің циклдік модель теориясы негізге алынған (диссе. 50-52 беттері); мәтінді түсіну типологиясына қатысты Г.Богиннің теориясы рефлексивті талдаудың қадамдарын айқындауға негіз болған. Бұл теория бойынша мәтінді талдау үдерісінің үш қадамы түсінудің үш деңгейіне сай (мағынасын ұғу, таным деңгейіне түсіну, кең мәнде ұғыну) қарастырылған (диссер. 25-бетінде); метатілдік рефлексияны талдауда М.Р.Шумаринаның тұжырымдары басшылыққа алынған (57 – бетте). Психоллингвистикалық экспериментті топтық немесе жеке жүргізуге қатысты Е.И.Горошко еңбектері негізге алынған (дисс. 101-бетінде).</p>

<p>7. Қорғауға шығарылған негізгі ережелер</p>	<p>Әрбір ереже бойынша келесі сұрақтарға жеке жауап беру қажет:</p> <p>7.1 Ереже дәлелденді ме?</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) дәлелденді; 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді; 5) бұл тұжырымда ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес. <p>7.2 Тривиалды ма?</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) ия; 2) жоқ; 3) бұл тұжырымда ереженің тривиалды екенін тексеру мүмкін емес. <p>7.3 Жаңа ма?</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) ия; 2) жоқ; 3) бұл тұжырымда ереженің жаңашылдығын тексеру мүмкін емес. <p>7.4 Қолдану деңгейі:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) тар; 2) орташа; 3) кең 4) бұл тұжырымда ереженің қолдану деңгейін тексеру мүмкін емес. <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе?</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) ия; 2) жоқ 	<p>Қорғауға шығарылған негізгі ережелер</p> <p>Бірінші тұжырымда тілдік санада реакцияға ұшырап, рефлексия үдерісін туғызатын ақпараттың сөзде бейнеленіп, тілдік таңбаға көшуі рефлексив және метамәтін ұғымдарымен анықталатыны, тілдік және бағалау рефлексиясының рефлексивтер арқылы автордың эмоциялары мен сезімдерін оқырманға тасымалдаудағы дискурстық жүйенің орын алатындығы, адресаттың автордың таным әлемі, көркемдік әлемі, жеке тіл әлеміне бойлайтынын тұжырымдауы талдаулармен дәлелденген. Тривиалды емес. Жаңа. Қолдану деңгейі кең. Мақалада дәлелденген.</p> <p>Екінші тұжырымға сай тілдік рефлексия метамәтіндер арқылы вербалданып, тілдік тұлға дамуының көрсеткіші саналатындығы, тілдік немесе метатілдік санаға сүйеніп, дискурста тілдің игерілуіне ықпал ету ережесі дәлелденген. Тривиалды емес. Жаңа. Қолдану деңгейі кең. Мақалада дәлелденген.</p> <p>Үшінші тұжырымдағы көркем мәтін мен дискурстың рефлексивті лингвистикадағы көрінісі қадамдық үдеріс ретінде сипатталып, адресант (автор) тарапынан берілген стимул сөздер адресаттың санасында метатілдік рефлексия туғызатыны тұжырымдалған. Стимул сөздердің адресаттың аялық білімімен сәйкесіп,</p>
--	---	---

3) бұл тұжырымда мақаладағы ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.

қорытылып шыққан ақпараттың вербалдануы метамәтін немесе рефлексивтерде көрінетіні ғылыми жұмыстың 45-46 беттеріндегі Б. Соқпақбаевтың «Менің атым Қожа» көркем мәтінінен алынған үзінділерге талдау жасауымен дәлелденген. Тривиалды емес. Жаңа. Қолдану деңгейі кең. Мақалада дәлелденген.

Төртінші тұжырымдағы қазақ және ағылшын тілдеріндегі көркем мәтіндерде кездесетін рефлексияның түрлері ажыратылып, олардың ерекшеліктері (А. Құнанбайұлы «Қара сөздерінде» кооперативтік рефлексияның, О. Уайльдтің «Дориан Грейдің портреті» көркем мәтінінде кәсіби рефлексияның көрінуі) және рефлексивтердің таңбалануы есімдіктер мен етістіктер арқылы жүзеге асатыны мысалдармен дәлелденген. Тривиалды емес. Жаңа. Қолдану деңгейі кең. Мақалада дәлелденген.

Бесінші тұжырым бойынша екі тілдегі (қазақша, ағылшынша) көркем мәтіндердегі рефлексивтердің негізгі айырмашылықтары айшықталып, қазақ және ағылшын тілдеріндегі мысалдармен дәлелденген. Тривиалды емес. Жаңа. Қолдану деңгейі кең. Мақалада дәлелденген.

Соңғы тұжырымда көркем мәтінді рефлексиялауда тілдік тұлғалардың ана тіліндегі тәжірибесі негізге алынатындығы, әртүрлі тілдік

			кодтардың таңдауға түсетіні зерттеу жұмысының практикалық бөліміндегі сауалнама нәтижелерімен дәлелденген. Тривиалды емес. Жаңа. Қолдану деңгейі кең. Мақалада дәлелденген.
8.	Дәйектілік қағидаты. Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	8.1 Әдіснаманы таңдау – негізделген немесе әдіснама нақты жазылған: <u>1) ия;</u> 2) жоқ.	Әдіснаманы таңдау – негізделген. Зерттеудің әдіснамалық негіздерін лингвистикалық, философиялық, психолінгвистикалық, когнитивтік аспектілер құрайды. Сәйкесінше, зерттеудің әдіс-тәсілдері сараланған. Лингвистикалық талдаулар үшін лексика-семантикалық, семантика-грамматикалық, контекстік, когнитивтік сияқты т.б. талдау тәсілдері қолданылған.
		8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: 1) ия; 2) жоқ.	Зерттеу жұмысының нәтижелерін шығаруда, жалпы еңбекті жазу барысында компьютерлік технологиялар қолданылған. Мысалы, эксперимент қорытындылары сандық көрсеткіштер бойынша салыстыра отырып талдау нәтижесінде алынған.
		8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен	Теориялық қорытындылар тілдік материалдарға дискурстық талдаулар негізінде дәйектелген. Сонымен қатар, тілдік тұлғаның санасындағы тілдік рефлексияның түрлерін анықтауда

		<p>дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді):</p> <p><u>1) ия;</u> 2) жоқ.</p>	<p>психолінгвистикалық эксперимент жүргізілген, нәтижелері сараланып, тұжырымдар жасалған (102-106-беттерде). Экспериментке қатысушылардың әлеуметтік сипаты мен гендерлік ерекшеліктері, эксперимент мақсаты, талдауға ұсынылған эксперимент материалдары жайында ақпараттар диссертацияның 101-бетінде көрсетілген.</p>
		<p>8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен <u>расталған</u> / ішінара расталған / расталмаған.</p>	<p>Зерттеу жұмысын жазу барысында тақырыпқа қатысты бұрын-соңды жарияланған ғылыми сенімді еңбектерге, монография, ғылыми мақалалар, конференция материалдарының жарияланымдары талданып, оларға сілтеме берілген.</p>
		<p>8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/жеткіліксіз.</p>	<p>Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті, жалпы саны 174 еңбек.</p>
9	Практикалық құндылық қағидаты	<p>9.1 Диссертацияның теориялық маңызы:</p> <p>1) бар; 2) жоқ.</p>	<p>Диссертацияда қол жеткізген нәтижелер теориялық жақтан білім беру, педагогика, аударма, филология мен философия, психология, когнитология салаларындағы зерттеулер қатарын толықтыра алады.</p>
		<p>9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары:</p> <p><u>1) ия;</u> 2) жоқ.</p>	<p>Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары.</p>
		<p>9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа ма?</p>	<p>Практикалық ұсыныстары жаңа болып</p>

		<p>1) <u>толығымен жаңа</u>;</p> <p>2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);</p> <p>3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).</p>	<p>табылады. Қол жеткізген нәтижелерді рефлексивті лингвистикалық бағыттағы зерттеу, талдау жұмыстарын жалғастыруға, филология факультеттерінде мәтінтану, дискурсология курстарын жүргізуге материал ретінде пайдалануға болады.</p>
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	<p>Академиялық жазу сапасы:</p> <p>1) <u>жоғары</u>;</p> <p>2) орташа;</p> <p>3) орташадан төмен;</p> <p>4) төмен.</p>	<p>Диссертациялық жұмыстың тілі мен стилі академиялық жазу талаптарын толық қанағаттандырады. Жұмыс жазу барысында қолданылған сөз орамдары, синтаксистік күрделі құрылымдар логикалық сабақтастыққа құрылған. Мазмұнның берілуін қамтамасыз ететін лексикалық бірліктер мен грамматикалық формалардың қолданылуы әдеби тіл нормаларына сәйкес келеді. Орфографиялық және пунктуациялық тұрғыдан сауатты жазылған. Бұл санамалап көрсетілген шарттар еңбектің академиялық жазу сапасын жоғары деп санауға негіз болды.</p>
11.	Диссертацияға ескертулер		<p>Диссертацияның мазмұнына, стиліне қатысты ұсыныс-ескертулер:</p> <p>1) диссертацияда нақты тілдік материалдарды (Абай мен О.Уайльд шығармалары) талдау негізінде қазақ және ағылшын көркем мәтіндеріндегі рефлексивтердің негізгі айырмашылықтары лексикалық, грамматикалық, бейвербалді деңгейде анықталған (дисс. 11-бетт; 89 - бетте), осы анықталған ерекшеліктердің</p>

			<p>себебі неде екендігі түсіндірілгенде жұмыстың құндылығы арта түсер еді.</p> <p>2) диссертацияның барлық бөлігінде дерлік сілтемелер қазақ тіліне жатық аударылып берілген. Дегенмен ішінара түпнұсқа тілде, яғни орыс тілінде немесе ағылшын тілінде берілген тұстары да кездесіп қалады (диссер. 76-бетінде).</p>
12.	<p>Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайда ресми рецензенттер докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша әр мақаласының ғылыми деңгейін зерделейді)</p>		<p>Докторанттың диссертация мазмұны бойынша жарияланымдарының жалпы саны – сегіз. Олардың ішінде Language Reflection: Metatextual Analysis» тақырыбындағы мақаласының Scopus ғылыми деректер базасына кіретін квантиль жоғары (Q1, процентиль 88%,) Journal of Psycholinguistic Research журналына жариялануы оның ғылыми деңгейінің жоғарылығын айғақтайды. «Тілдік рефлексия, рефлексив терминдерінің анықталуы» (№4/ 2, 2020 ж.), «Тілдік рефлексия: сана мен тіл қызметінің қатынасы» (№4, 2023 ж.), «Тілдік рефлексияның дискурспен, мәтінмен арақатынасы» (№1, 2024 ж.) мақалалары диссертацияның теориялық негізін құрайтын тараулармен сәйкеседі, олардың да ғылыми деңгейі жоғары.</p> <p>Көркем мәтіндегі тілдік рефлексияға, танымдық үдеріске қатысты өзге де конференциялар мен ғылыми еңбектерде жарық көрген жарияланымдар зерттеудегі міндеттерді шешуге</p>

	<p>13. Ресми рецензенттің шешімі (осы Үлгі ереженің 28-тармағына сәйкес)</p>	<p>көзделген тарауларына сай келеді.</p> <p>«8D02304 – Филология» білім беру бағдарламасы бойынша философия (PhD) докторы дәрежесін алу үшін дайындалған Сыдық Перизат Сәндібайқызының «Тілдік рефлексия: дискурстық талдау (қазақ және ағылшын тіліндегі көркем мәтіндер негізінде)» атты диссертациялық жұмысы талапқа сай жазылған еңбек деп санаймыз.</p> <p>Диссертациялық жұмыстың авторы Сыдық Перизат Сәндібайқызына Филология (PhD) докторы дәрежесін алуға лайықты деп есептейміз.</p>
--	--	--

Ресми рецензент,
филология ғылымдарының докторы, доцент



Жолшаева Майра Сатыбалдықызы

04.09.2024 жыл.

